

Нұрлан Құныпияұлы Шүленбаев^{1*}, Нағима Мәсімақыңқызы Әшімбаева²^{1*}автор-корреспондент, докторант, Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-2203-9822 E-mail: shulenbaev.n@mail.ru²филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-1928-2872 E-mail: nagima010@mail.ru**ТЕРМИНОЛОГИЯДАҒЫ КӨПМАҒЫНАЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ КЕҢМАҒЫНАЛЫЛЫҚ
(СПОРТ ТЕРМИНДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі терминдердің көпмағыналылық, кеңмағыналылық мәселелері талданып, олардың бірі-бірінен айырмашылықтары мен ұқсас тұстары айқындалып, бұл құбылыстар тілтанымдық және экстралингвистикалық тұрғыдан сипатталды. Қазақ әдеби тілінің сөздігінен терминдердің анықтамасы алынып, салалық терминологиялық түсіндірме, аударма сөздіктерден мысалдар келтірілді. Терминдердің белгілейтін ұғымдармен сәйкестігі ескерілді. Зерттеу барысында шетелдік және отандық зерттеуші ғалымдардың көпмағыналылық, кеңмағыналылық құбылысына байланысты пікірлері келтірілді. Сөздердің құрылымдары, техникалық, лингвистикалық және т.б. салыстырмалы түрде талданып, оларды жасауда ескерілетін талаптар, атқаратын міндеттері айқындалды. Зерттеуде терминологиядағы көпмағыналылық және кеңмағыналылық құбылыстарына байланысты мәселелерді қарастыруда жинақтау, сипаттау, салыстыру, салғастыру, талдау, модельдеу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі терминдік жүйенің дамуында көпмағыналылық және кеңмағыналылық құбылыстарының маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Терминдердің мағыналық ерекшеліктерін айқындау арқылы олардың ғылыми және кәсіби қолданыстағы бірізділігі мен дәлдігі қамтамасыз етілді. Жүргізілген талдаулар мен салыстырулар негізінде терминдерді қалыптастыру мен жүйелеуде мағыналық нақтылық пен ғылыми үйлесімділікке баса назар аудару қажеттігі анықталды.

Тірек сөздер: терминология; кеңмағыналылық; көпмағыналылық; терминологиялық сөздік; аударма сөздік.

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR24993133 «Қазақ тілін лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Шүленбаев Н.Қ., Әшімбаева Н.М. Терминологиядағы көпмағыналылық және кеңмағыналылық (спорт терминдері негізінде). *Tiltany*, 2026. №2 (102). 39-53-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-39-53>**Нурлан Кунпияевич Шүленбаев^{1*}, Нағима Масимакуновна Ашимбаева²**^{1*}автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-2203-9822 E-mail: shulenbaev.n@mail.ru²кандидат филологических наук, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-1928-2872 E-mail: nagima010@mail.ru**МНОГОЗНАЧНОСТЬ И ШИРОКОЗНАЧНОСТЬ В ТЕРМИНОЛОГИИ
(НА ПРИМЕРЕ СПОРТИВНОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ)**

Аннотация. В статье анализируются вопросы многозначности и широкозначности терминов в казахском языке, выявляются их различия и сходства, дается характеристика этих слов с лингвистических и экстралингвистических позиций. Определения терминов взяты из словаря казахского литературного языка, примеры приведены из отраслевых терминологических толкований и переводных словарей. При этом учитывается соответствие терминов обозначаемым ими понятиям. В ходе исследования были представлены мнения зарубежных и отечественных исследователей о феномене многозначности и широкозначности. Проведен сопоставительный анализ структур слов (технических, лингвистических и др.), а также определены требования, учитываемые при их создании, и решаемые ими задачи. В исследовании использовались методы реферирования, описания, сравнения, сопоставления, анализа и моделирования для изучения вопросов, связанных с явлением многозначности и широкозначности терминов. Результаты исследования показали, что явления многозначности и широкозначности играют важную роль в развитии терминологической системы казахского языка. Выявление семантических особенностей терминов обеспечивает их системность и точность в научном и профессиональном употреблении. На основании проведенных анализов и сопоставлений установлено, что при формировании и систематизации терминов необходимо уделять особое внимание семантической точности и научной последовательности.

Ключевые слова: терминология; многозначность; широкозначность; терминологический словарь;

переводной словарь.

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН BR24993133 «Исследование казахского языка в лингвосинергетическом, лингвоэкологическом, лингводидактическом аспектах и его функция в разработке лингвистических основ учебного текста».

Для цитирования: Шуленбаев Н.К., Ашимбаева Н.М. Многозначность и широкозначность в терминологии (на примере спортивной терминологии). *Tiltanyim*, 2026. №2 (102). С. 39-53. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-39-53>

Nurlan Shulenbayev^{1*}, Nagima Ashimbayeva²

^{1*}Corresponding Author, Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-2203-9822 E-mail: shulenbaev.n@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-1928-2872 E-mail: nagima010@mail.ru

POLYSEMANTICITY AND WIDE MEANING IN TERMINOLOGY (BASED ON SPORTS TERMINOLOGY)

Abstract. The article analyzes the issues of polysemy and broad meaning of terms in the Kazakh language, identifies their differences and similarities, and provides characteristics of these words from linguistic and extralinguistic positions. Definitions of terms are taken from the dictionary of the Kazakh literary language, with examples provided from industry-specific terminological definitions and translation dictionaries. The correspondence of the terms to the concepts they denote is taken into account. The study presented the views of international and domestic researchers on the phenomenon of polysemy and broad meaning. A comparative analysis of word structures (technical, linguistic, and others) was conducted, and the requirements taken into account in their creation and the problems they solve were identified. The study utilized methods of abstracting, describing, comparing, contrasting, analyzing, and modeling to examine issues related to the polysemy and broad meaning of terms. The results of the study demonstrated that polysemy and broad meaning play an important role in the development of the Kazakh language's terminological system. Identifying the semantic properties of terms ensures their systematicity and accuracy in scientific and professional use. Based on the analyses and comparisons conducted, it was established that when forming and systematizing terms, special attention must be paid to semantic precision and scientific consistency.

Keywords: terminology; polysemy; broad meaning; terminological dictionary; translation dictionary.

Source of financing: The article was prepared within the framework of the program-targeted funding project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN BR24993133 "Studying the Kazakh language in linguosynergetic, linguoecological, linguodidactic aspects and its function in developing the linguistic foundations of educational text".

For citation: Shulenbayev, N., Ashimbayeva, N. Polysemanticity and Wide Meaning in Terminology (Based On Sports Terminology). *Tiltanyim*, 2026. No.2 (102). Pp. 39-53. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-39-53>

Кіріспе

Көпмағыналылық сөздің қандай мағынада жұмсалуды оның басқа сөздермен тіркесуі арқылы, белгілі бір мәнмәтінде, нақты коммуникативтік жағдайда және мәтіннің жалпы тақырыбына байланысты айқындалады (Қазақ тілі. Энциклопедия, 1998). Сөздің бастапқы мағынасы мәнмәтінге тәуелсіз, сөйлеушінің санасында бірден туындайтын мағына болып табылады. Ал туынды мағыналар мәнмәтін арқылы нақтыланады. Сөз мағыналарының арасындағы семантикалық байланыс ортақ семалардың (мағыналық компоненттердің) болуы арқылы жүзеге асады (Орысша-қазақша түсіндірме сөздік, 2007).

Белгілі бір тіл байлығы икемділігімен де өлшенеді. Көпмағыналылық – тілдің дамуы мен функционалдық әлеуетін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Әсіресе, сөздік қордағы негізгі лексикалық бірліктер уақыт өте келе жаңа мағыналарға ие болып, семантикалық өрісін кеңейтеді. Мысалы, «қанат» сөзі бастапқыда құстың ұшу мүшесін білдірсе, кейіннен балықтың жүзу мүшесі, киіз үй құрылымының элементі, көлік бөлшегі, сондай-ақ кеңістіктік бағдарды білдіретін ұғым (футболдағы оң қанат, сол қанат) ретінде қолданыла бастады. Осы тұрғыдан қарағанда, көпмағыналылық жалпы тілге ғана тән құбылыс емес, терминология үшін де маңызды. Дәстүрлі түсінік бойынша термин бірмағыналы, дәл әрі мәнмәтіннен тәуелсіз болуы керек делінеді. Бірақ бүгінгі тіл білімінде, әсіресе салалық терминологияда, соның ішінде спорт

терминдері жүйесінде көп мағыналылық жиі ұшырасады. Бұған, біріншіден, жалпы тіл мен арнайы тілдің өзара әсері, екіншіден, жаңа ұғымдар қалыптасқанда бұрыннан бар сөздердің терминге айналуы себеп болады.

Терминологияда көпмағыналылықпен қатар кеңмағыналылық, яғни эврисемия (грек. eurus – кең) да ерекше назар аударады. Эврисемия дегеніміз – белгілі бір сөз мағынасының жалпыланып, өзара ұқсас әртүрлі ұғымдарды қамти алу қабілеті. Полисемия сөзде бірнеше дербес мағына қатар өмір сүретінін білдірсе, эврисемия мағынаның кеңеюі мен жалпылануын көрсетеді. Бұл әсіресе спорт терминдерінде анық байқалады: бір термин әр спорт түрінде ұқсас, бірақ дәлме-дәл бірдей емес ұғымдарды бере алады. Мәселен, «алаң» (поле) футболда, баскетболда, волейболда әртүрлі ойын кеңістігін білдіреді; «қанат» футболда ойыншының позициясын атаса, басқа мәнмәтінде кеңістіктің бағытын сипаттауы мүмкін. Мұндайда мағына толық бөлшектенбейді, керісінше, ортақ семантикалық өзек сақталып, әр салада нақтылана түседі. Бұл – эврисемияның көрінісі. Жалпы алғанда, терминологиядағы полисемия мен эврисемия тілдің дамуымен, ұғымдардың өзгеруімен және салалық коммуникация талаптарымен тығыз байланысты. Спорт терминдері осыны талдауға қолайлы, өйткені онда жалпы тілдік және арнайы тілдік мағыналардың түйісуі айқын көрінеді.

Материал және әдістер

Терминологиядағы көпмағыналылық пен кеңмағыналылық мәселесін қарастырғанда, бұл екі құбылыстың айырмашылықтары, мағыналық сипаты, жасалу жолдары және қолданылу аясы сөз болған ресейлік және отандық ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Қазақ тілі терминологиясында кездесетін полисемия мен эврисемияны ажыратуға қажетті деректерді жинақтау үшін әртүрлі ғылым салаларына арналған терминологиялық түсіндірме және аударма сөздіктер пайдаланылды.

Мақаланы әзірлеу барысында бірнеше әдіс қолданылды. Жинақтау әдісі арқылы әр сала сөздіктерінен терминдер іріктеліп, жүйеленіп, талдауға түсті. Сипаттау әдісі полисемиялы және эврисемиялы терминдердің жасалу жолын, мағынасын, құрылымын, қызметін және айырмашылықтарын көрсетуге мүмкіндік берді. Салыстыру әдісі әртүрлі сала сөздіктеріндегі полисемиялы және эврисемиялы терминдерді қатар қарастыруға қолданылды. Талдау (анализ) әдісі терминдердің көпмағыналылық және кеңмағыналылық сипаттағы нұсқаларына қатысты мәселелерді нақты мысалдармен ашып, олардың қолданылу өрістерін айқындауға бағытталды. Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі әртүрлі ғылым салаларын қамтитын салалық терминологиялық сөздіктер алынды.

Әдебиетке шолу

«Кеңмағыналылық» ұғымына ғылыми анықтаманы алғаш Н.Н. Амосова берген. Оның түсіндіруінше, кеңмағыналылық – лексика-семантикалық деңгейде көрінетін құбылыс, мұнда сөздің семантикалық ауқымы кеңейіп, әртүрлі денотаттарға қатысты қолданылуымен сипатталады (Амосова, 1963: 114). Полисемант сөздерден айырмасы – эврисемант сөздер ішкі мағыналық жіктелуімен емес, мағыналық құрылымының тұтастығымен ерекшеленеді. Мұндайда белгіленетін ұғымдар сөздің фонетикалық тұлғасымен байланысқанымен, тұрақты мағыналық құрылымның құрамына толық кірмейді. Көбіне олар тек нақты сөйлеуде, яғни белгілі бір мәнмәтінде ғана айқындалып, жалпыланған кең ұғыммен қабаттаса көрінеді.

Көпмағыналылық пен кеңмағыналылықты бір-бірінен ажырата білу маңызды. Ғылыми әдебиетте «эврисемия» атауымен белгілі «кеңмағыналылық» ұғымының негізін салған – Н. Амосова. Кей зерттеушілер (мысалы, Д.Н. Шмелев) бұл құбылысты сөздің «неғұрлым жалпылама лексикалық мағынасы» ретінде сипаттайды. Көпмағыналы сөз тілдік жүйеде бірнеше мағынамен өмір сүреді, ал сөйлеуде солардың бірін таңдау көбіне мәнмәтін арқылы іске асады. Кең мағыналы сөз, керісінше, мәнмәтіннен тыс бір ғана мағынаны білдіреді, бірақ ол мағына бірнеше ой нысанымен байланыса алады. Сондықтан мұндай сөздердің семантикалық ауқымы кең болады: нақты мазмұны сөйлеу актісінде, белгілі бір мәнмәтін ішінде айқындалады, бірақ бастапқы мағына түбірлі өзгеріске түспейді.

Эврисемия мен полисемияның ұқсастығы олардың полиденотативтілік қасиетіне тіреледі: кең мағыналы да, көп мағыналы да сөз бірнеше денотатпен байланыс орната алады. Бірақ негізгі

айырмашылық – осы полиденотативтіліктің сипаты мен көріну.

Эврисемия мен полисемия айырмасын кеңірек ашпас бұрын, бұл құбылыстарға қатысты орыс тіл білімінде орныққан жалпы анықтамаларға қысқаша тоқтала кеткен жөн.

Сөздің көпмағыналылығы – тіл білімінде ертеден зерттеліп келе жатқан маңызды тақырып. Бұл жөніндегі еңбектер өте көп. Орыс тіл білімінде бұл бағыттағы зерттеулер А.А. Потебнядан бастау алып, кейін полисемияның бар-жоғы туралы пікірталастарға дейін жеткен түрлі тұжырымдарды қамтиды. Осы мақалада полисемияны түсіндіру үшін Т.И. Вендина ұсынған дәстүрлі анықтама басшылыққа алынады: ғалым полисемияны «бір сөздің құрамында өзара байланысты бірнеше мағынаның қатар өмір сүруі» деп түсіндіреді (Вендина, 2001). Бұл – көпмағыналылыққа берілген классикалық анықтамалардың бірі.

Көпмағыналылық тілдің тарихи дамуымен бірге қалыптасады. Сөз мағынасы ауысқан сайын, бастапқыда белгілі бір затты не құбылысты атаған сөз кейін ортақ белгісі бар басқа нысандарды да білдіретін болады. Семасиология бойынша еңбектерді салыстырғанда, зерттеушілердің көбі кең мағыналы сөздің мағынасы біртұтас, инвариантты әрі барынша жалпыланған болады деген көзқарасты ұстанатыны байқалады. Мысалы, Е.И. Малютина кең мағынаны «мағына соншалықты жалпыланады, біртіндеп грамматикалану үрдісіне ұшырайды» деп түсіндіреді (Малютина, 2008: 124). Е.А. Евдокимова мұны лексикалық бірліктің жалпылану көрсеткіші ретінде сипаттаса (Евдокимова, 2009: 176), О.Е. Федосова сигнификативті мағынасы жалпыланған лексемалар деп қарайды (Федосова, 2010: 219).

Тілдік қажеттілікке орай туындайтын мағыналық жаңарулар сөздердің көп мағыналылық сипатын күшейтеді, бұл туралы Т. Вендина (2001: 136) өз еңбегінде атап өткен. Мұндай мағыналық кеңею таңбаның мазмұны мен оның сыртқы формасы арасындағы бізмәнділік принципінің сақталмауын, яғни лингвистикалық ауытқуды білдіреді. Дегенмен табиғи тілде сөздердің көпмағыналы болуы кездейсоқ құбылыс емес. Егер тілде мән мен мазмұнның толық бір-біріне сәйкес келуі сақталса, ол тілдік жүйе үшін аса үнемді болмас еді. Өйткені мұндай жағдайда тілдік код бірліктерінің саны күрт көбейіп, нәтижесінде ана тілінде сөйлейтін адамдар үшін оны қолдану әлдеқайда күрделі болар еді (Литвин, 2005: 4).

Тіл білімінде полисемия құбылысы жан-жақты зерттелгендіктен, біз бұл еңбекте оған қарама-қарсы қарастырылатын басқа бір категорияға – эврисемияға көбірек назар аударамыз. «Кеңдік» ұғымын ғылыми айналымға алғаш енгізген – Н.Н. Амосова, ал дәстүрлі көпмағыналылықпен салыстырғанда табиғаты өзгеше лексика-семантикалық вариация ретінде танылған «эврисемия» термині В.Я. Плоткин мен Гросулдың еңбектерінде негізделген (Язык. Человек., 2005: 111-112).

Кеңмағыналылықты зерттеген ғалымдардың бірі – П.С. Федюк. Оның ойынша, кең мағыналы сөздің бір негізгі, жалпыланған мағынасы болады, ал сол мағынадан өрбитін көптеген нақты нұсқалар кездеседі. Яғни өзгермейтін семантикалық өзек сақталады да, нақты қолданыста ол мәнмәтін арқылы тарылып, белгілі бір нұсқа болып көрінеді. Мұны ғалым ағылшын тіліндегі «thing» сөзімен түсіндіреді: ол «зат», «бұйым», «бір нәрсе», «әлдене» сияқты мағыналарды беріп, жалпы ой нысанын атауға қызмет етеді. Күнделікті тұрмыста ол қасық, сабын сияқты нақты заттарды да білдіре алады. Яғни мұндай атаулардың барлығы бастапқы кең мағыналы ұғымның белгілеу аясына енеді, өйткені оның мазмұнындағы дифференциалдық белгілердің саны минимумға дейін қысқарып, мәнмәтін арқылы берілетін денотаттардың өте кең шеңберін қамтиды. Сонда кең семантикалы сөздің негізінде барынша жалпыланған әрі абстрактыланған белгі жатады. Дәл осы белгіге сүйене отырып, сөз сол қасиетке ие кез келген затпен немесе құбылыспен семантикалық тұрғыдан үйлесе алады (Федюк, 2009: 201).

Десигнатор мен десигнат арасындағы байланыстың өзіндік еркін табиғаты М.В. Никитин тарапынан «кеңмағыналылық» ұғымының басты түсіндірмесі ретінде ұсынылады. Ғалымның пікірінше, кең мағыналы қолданыста тұрған сөз тіркесінің жалпы мағынасына өзінің дербес мағынасын толық енгізбейді. Керісінше, ол сөз тіркесіндегі басқа компоненттердің мағыналары шегерілгеннен кейін қалған үлес ретінде сол тіркес арқылы қалыптасады (Язык. Человек., 2005: 122). Осы көзқарасты Е.И. Малютина да қолдайды. Оның пайымдауынша, кең мағыналы сөз өзінің бастапқы лексикалық мазмұнын әлсіретеді: мұндай сөз мәнмәтінге жеке мағынасын алып

келмейді, керісінше өзі сол мәнмәтіннен мағыналық жағынан «қоректенеді» (Малютина, 2008: 123).

Эврисемия жөніндегі көзқарастардың әркелкі болуы, тіпті бір-біріне қарсы пікірлердің кездесуі бұл мәселенің өзектілігін күшейтеді. Сонымен бірге кеңмағыналылық барлық сөз таптарында бірдей көрінбейтінін де ескеру керек: аналитикалық лексикада бұл құбылыс біркелкі таралмайды, көбіне етістік лексемалары басым. Сондықтан кең мағыналы етістіктер кең мағыналы зат есімдерге қарағанда жиірек ұшырасады.

Тіл білімінде полисемия мен кеңмағыналылық сырттай ұқсас көрінгенімен, мәні бөлек құбылыстар. Кейде кеңмағыналылық шегі анықталмаған көпмағыналылық ретінде түсіндіріліп жатады. Өйткені сөздіктерде мұндай сөздерге бірнеше мағына беріліп, семантикалық құрылымы тым кең болғандықтан, оның қалай тұрақталып сақталатынын түсіндіру қиынға соғады. Жалпы, кеңмағыналылық мәселесі ғылымда жеткілікті деңгейде зерттелді деу қиын: бұл тақырыпқа бет бұрған кейбір зерттеушілер мәселені толық шешімге жеткізбей тоқтаған (Малютина, 2008: 123).

Н.Н. Амосова кең мағыналы сөздерді бірдей фонетикалық тұлғаға ие көпмағыналы сөздермен шатастырмау керектігін айтады. Оның пікірінше, полисемияда сөз бірнеше мағынаның жиынтығын құрайды да, сөйлеуде олардың біреуі нақтыланып қолданылады. Ал кең мағынада мағыналық өзекте әртүрлі нақтылауға мүмкіндік беретін кең семантикалық өріс сақталады. Бұл нақтылау мәнмәтінге немесе коммуникативтік жағдаятқа қарай жүзеге асады. Кең мағына ішкі мағыналық тармақтардың негізі ретінде сақталып, тек контекст ішінде айқындала түседі, бастапқы сипатын жоғалтпайды (Амосова, 1963: 114).

Кейбір зерттеушілер кеңмағыналылықты мағыналардың шексіз пайда болуына байланысты қалыптасатын, кең қолданысқа түскен сайын толыққанды номинативтік бірлік ретіндегі қасиеті әлсірейтін полисемияның ерекше түрі деп есептейді (Малютина, 2008: 124). Бірақ М.В. Никитин бұл пікірмен келіспейді: кең мағынаны полисемияның шекті деңгейі деп қарау дұрыс емес дейді. Оның көзқарасында кеңмағыналылық – кей сөздерге тән ерекше, шектен тыс семантикалық күй; белгілі бір контексте сөз семантикалық вариация мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтіп, сонымен бірге семантикалық құрылым тұтастығын сақтай алады, тіпті қалыпты мағыналық туынды модельдер шеңберінен асып кетуі де мүмкін (Язык. Человек, 2005: 113).

Кең мағыналы лексемалардың жиі қолданылуы П.С. Федюктің еңбегінде негізгі белгілердің бірі ретінде көрсетіледі. Оның пайымдауынша, бұл олардың полиденотативтілігімен байланысты: тілдік мазмұнның рефлексиялық қайта құрылуы нәтижесінде шындықтағы әртүрлі нысан мен құбылысты атау мүмкіндігі кеңейеді. Көпмағыналы сөздермен салыстырғанда, кең мағыналы сөздердің жиілігі жоғары болуы полиденотативтілік деңгейінің де жоғары екенін аңғартады. Дегенмен екі құбылыстың шекарасы әрдайым анық емес: денотаттар санының нақты белгіленбеуі айырманы дәл айыруды қиындатады. Сондықтан дамыған полисемиялық лексемалардың өзінде полиденотативтілік қасиеті мүлде жоқ деп кесіп айту да оңай емес (Федюк, 2009: 202).

Көптеген зерттеушілер (Е.И. Малютина, В.В. Елисеева, Н.Н. Амосова, А.М. Плотникова және т.б.) көпмағыналы сөз бірнеше мағынаны қамтитынын мойындайды. Ал кеңмағыналы сөздің ерекшелігі – бір ғана жалпыланған мағынаға сүйеніп, сол мағына мәнмәтінге қарай нақтылана алатынында. Мысалы, Е.И. Малютина кең мағыналы сөз адамның жадында бір жүйелік мағына түрінде сақталады деп есептейді, бұл оны полисемияны дәстүрлі тілдік құбылыс ретінде түсіндіруден ажыратады (Малютина, 2008: 127). Осы ойды В.В. Елисеева да жалғастырады: көпмағыналы сөздің әр мағынасы контекстке қарай таңдалады, ал кең мағыналы сөз контекстен тыс бір ғана мағынаға ие, бірақ сол жалғыз мағына бірнеше ой объектісімен байланыса алады. Соның нәтижесінде кең мағыналы сөз тұжырымдамалық тұрғыдан ауқымды болады, нақты мазмұны сөйлеу жағдаятында нақтыланса да, өзгеріп кетпейді (Елисеева, 2005: 47).

А.М. Плотникова көпмағыналылықтың сандық сипатын семантикалық жалпыланудан (кең мағыналылықтан) бөлек қарастырады. Ол кеңмағыналылықтың негізгі белгілері ретінде мағынаның ауқымдылығын, мәнмәтінге тәуелділігін және семантикалық бірліктер арасындағы тікелей емес байланыстарды атайды (Плотникова, 2005: 85).

Кең мағыналы лексемалардың негізгі мағынасы контексте нақтыланғанымен, мағыналар арасындағы байланыстың айқын болмауы аудармада қиындық тудыруы мүмкін. Полисемияда болса, мағынаның жүзеге асуы нақты коммуникативтік жағдаятқа тәуелді болып шешіледі.

Нәтижелер және талқылау

Полисемия мен эврисемия қатынасы туралы пікірлердің әркелкілігі бұл салада әлі де зерттеуді қажет ететін тұстар бар екенін көрсетеді. Эврисемияның күрделі табиғаты оны қазіргі тіл біліміндегі өзекті бағыттардың біріне шығарып отыр.

Дәстүрлі көзқараста термин бірмағыналы деп танылғанымен, қазіргі зерттеулер терминдердің көпмағыналылығы мен семантикалық өзгерісі табиғи құбылыс екенін көрсетеді. Бұл терминдердің дамуына тек ұғымдық жүйе ғана емес, когнитивтік және прагматикалық факторлар да әсер ететінін аңғартады (Temmerman, 2000: 62-65).

Көп мағыналы спорт терминдеріне: база, трасса, салым, серия, дебют, заряд сөздерін жатқызуға болады.

«База» сөзінің мағыналары: 1) тура мағынасы – тірек, негіз, іргетас (ғылымның теориялық базасы, мәліметтер базасы); 2) әскери салада – әскери бөлім орналасқан орын, әскери бекет (әуе базасы, әскери база); 3) спортта – спортшылар жаттығатын арнайы орын (жаттығу базасы); 4) экономика мен бизнесте – қор, ресурстар жиынтығы, бастапқы материалдар, негіз. Яғни бір сөздің мағыналары өзара сабақтас болғанымен, қолданылу өрісі сала ерекшелігіне қарай өзгеше болады. Мысалы, клиенттік база, материалдық база. 5) информатикада: Деректер қоры, мәліметтер сақталатын жүйе. Мысалы, мәліметтер базасы.

«Трасса» сөзінің мағыналары: 1. Жол, бағыт мағынасында: белгілі бір бағыт бойынша жүргізілген жол сызығы, қозғалыс өтетін жол. Мысалы: автомобиль трассасы, жылдамдық трассасы. 2. Спортта – арнайы белгіленген жол: жүгіру, шаңғы, велоспорт, ралли сияқты спорт түрлерінде спортшылар жүретін арнайы дайындалған жол. Мысалы, шаңғы трассасы, ралли трассасы. 3. Инженерлік коммуникациялар бағыты: Құбыр, кабель, электр желісі сияқты инженерлік жүйелердің өту бағыты. Мысалы: газ құбырының трассасы, электр желісі трассасы. 4. Авиация (әуе) саласында – бағыт. Ұшақтар жүретін әуе жолы, әуе дәлізі.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде (бұдан әрі – ҚӘТС) база сөзінің спорт мағынасына мынадай анықтама-мысал берілген: БАЗА 3. Белгілі бір топтағы адамдардың саяхат, жұмыс уақытындағы тірек орны. Санаторийлер, пионер лагерьлері, туристік базалар жаңалап өсіп келеді («Спорт» (ҚӘТС, 2011а: 568).

ҚӘТС-те дебют сөзіне мынадай анықтама-мысал берілген: ДЕБЮТ 2. спорт. Шахматтың не дойбының алғашқы жүрістері. (ҚӘТС, 2011а: 568). Шахматта 40 шақты дебют бар (ҚӘТСБ, 2011б: 595).

ҚӘТС-те заряд сөзіне мынадай анықтама-мысал берілген: ЗАРЯД зат. 1. Атылатын не жарылатын құралға от беретін зат; дәрі (ҚҰЭ). 2. физ. Белгілі бір денедегі, заттағы электр қуаты. Қауырсын әрдайым шарға жабысқанда онан электрдің аз да болса бір үлесін – зарядын алып кетіп отырғаны түсінікті (К. Әбдіғапаров, Қызықты физ.). 3. ауыс. Күш-қуат. Айқұш-ұйқыш зарядтар дір еткенде, Тамыр бойлап, тоқ ойнап жүректерде (М. Мақатаев. Шығ.) (ҚӘТС, 2011с: 94).

ҚӘТС-те серия сөзіне мынадай анықтама-мысал берілген: серия [лат. series] з а т. 1. Бір заттың ретті жалғасы (басы, ортасы, аяғы). – Бұл киноның екінші с е р и я с ы енді қашан болар екен (Т. Бердияров, Мен өмір.). «Бостандық солдатты» атты төрт с е р и я кино қала экрандарында табыспен жүріп жатыр («Лен. жас.») (ҚӘТС, 2011д: 170).

ҚӘТС-те трасса сөзіне мынадай анықтама-мысалдар берілген: ТРАССА [нем. trasse] з а т. Үлкен қалалар аралығын қосатын не қалалар мен елді мекендерді жалғастыратын кең, түзу асфальтты жол. Мөп-мөлдір қара трасса сары мақпал егіс даласын әр тұстан таспадай бедерлеп, қиянға тартып барады («Қаз. әдеб.»). Трасса бойында тек қатарлы жұмысшылар, қарапайым қызметкерлер ғана емес, сонымен бірге үй шаруасындағы әйелдер мен жауапты қызметкерлер кездеседі (К. Әміров, Өшп. жұлдыз.) (ҚӘТС, 2011е: 378).

Спорт және басқа да салалардағы сөздердің көпмағыналылығын аударма сөздіктер мысалдары арқылы көрсетуге болады. Мысалы: заряд – спорт саласында (30-т., 296-б.), әскери

салада (11-т., 120-б.), физикада (1-т., 24-б.), кен ісінде (18-т., 89-б.); база, орынжай, негіз спорт саласында (30-т., 40-б., 245-б.), әскери салада (11-т., 55-б.), сәулетте (9-т., 35-б., 240-б.), экономикада (27-т., 44-б.); салым – спорт саласында (30-т., 166-б.); трасса – спорт саласында (30-т., 425-б.); дебют (ойынбасы) – спорт саласында (30-т., 283-б.), өнер саласында (25-т., 74-б.); серия – спорт саласында (30-т., 402-б.), өнер саласында (25-т., 212-б.). Сонымен қатар 30 томдық терминологиялық сөздік бойынша көпмағыналылыққа келесі мысалдар келтіріледі: капелла – музыкада (25-т., 112-б.), сәулетте (9-т., 93-б.), тар мағынада (23-т., 105-б.); амортизация – машина жасау саласында (7-т., 196-б.), көлікте (8-т., 28-б., 227-б.), энергетикада (5-т., 196-б.); түсім – экономикада (27-т., 245-б.), ауыл шаруашылығында (15-т., 240-б.); өнім – экономикада (27-т., 194-б.), ауыл шаруашылығында (15-т., 188-б.); байлам – экономикада (27-т., 45-б.), машина жасауда (7-т., 42-б.); науқан – экономикада (27-т., 178-б.), философияда (22-т., 159-б.), әскери салада (11-т., 127-б., 153-б.); қанат – машина жасауда (7-т., 91-б.), көлікте (8-т., 115-б.), биологияда (13-т., 123-б.).

Эврисемия көбіне ғылым мен техника терминдеріне тән. Мұндай терминдер жалпыға ортақ мағынаны сақтай отырып, нақты кәсіби салада басқа мазмұнға ие болуы мүмкін. Мысалы, «концепция» әлеуметтік деңгейде «идея» ретінде ұғынылса, медицинада ол «жұмыртқа жасушасының ұрықтануы» дегенді білдіреді. Сол сияқты «инкрустация» әлеуметтік салада «безендіру» мағынасында қолданылса, медицинада «некротикалық тіндердегі тұздың жиналуы» ұғымын береді.

Спорт саласында «аспирация» (лат. *aspiratio* – ұмтылу, талпыныс) спортшының жоғары нәтижеге жетуге деген ішкі ұмтылысы, мотивациясы, мақсатқа бағытталған күш-жігері ретінде түсіндіріледі; бұл термин спорт психологиясында жиі қолданылады. Нақты спорттық мәнмәтінде: 1) жоғары нәтижеге ұмтылу – чемпион болуға, рекорд жаңартуға немесе өз көрсеткішін жақсартуға деген ішкі ниет. Бұл сөз биологиядағы «тіршілікке сіңіру» мағынасынан алынғанымен, спортта жаттығу процесін меңгеруге қатысты қолданылады. Спорттағы негізгі мағынасы: 1) физикалық ассимиляция – ағзаның жаңа физикалық жүктемеге бейімделуі. Демек, спорт терминологиясында полисемия нақты мағыналардың көптігімен сипатталса, эврисемия жалпыланған әрі мәнмәтіннен тыс тұрақты мағына өзегіне сүйенуімен ерекшеленеді. Мысалы: «*Спортшының аспирация деңгейі өте жоғары – ол Олимпиадаға дейін тоқтамайды*»; 2) Мотивация мен мақсат қою. Спортшының жаттығу барысындағы мақсаты, оған жетуге арналған психологиялық белсенділігі. Мысалы: «*Жас спортшылардың аспирациясын арттыру үшін мотивациялық әдістер қолданылды*»; 3) Ішкі қозғаушы күш. Жаттығуда шаршаса да жалғастыруға итермелейтін ішкі ынта. Мысалы, «*Күшті аспирация спортшыны қиындықтарға қарамастан алға жетелейді*». Аспирация – спортшының ішкі мотивациясы мен жоғары нәтижеге деген талпынысы.

Мысалы, «базис» термині медицинада «бассүйек негізі» деген мағынада қолданылса, құрылыста ол «негіз, тірек, іргетас» ұғымын білдіреді. Спорт саласында «базис» (немесе *негіз, foundation*) – спорттық дайындықтың, шеберліктің немесе нәтиженің тірегі, іргетасы болатын басты элементтер жиынтығы дегенді білдіреді. Негізгі физикалық база (физикалық базис). 1. Спортшының барлық спорттық қабілеттерінің негізін құрайтын қасиеттер: күш, төзімділік, жылдамдық, икемділік, үйлесімділік. 2. Техникалық базис. Спорт түріне тән негізгі техника, яғни қозғалыс дағдыларының іргетасы. Мысалы: жүзуде – тыныс алу техникасы; бокста – дұрыс тұрыс пен қозғалыс. 3. Теориялық және тактикалық базис. Спортшының ойын тактикасын, стратегиясын, ережелерді негізгі деңгейде меңгеруі. 4. Психологиялық базис. Мотивация, зейін, өзіне сенімділік, өзін басқару қабілеті сияқты психологиялық негіздер. Базис – спорттық дамудың іргетасы. Яғни спортшының мықты болуы үшін оның техникалық, физикалық, психологиялық және теориялық базасы мықты болуы керек.

«Базис» сөзі терминологиялық сөздікте мына тұрғыда берілген: Базис – 1) негіз, негіздеме, тірек, іргетас; 2) тарихи материализмде – материалды өндірістік күштердің белгілі бір даму сатысына сәйкес өндірістік қатынастардың жиынтығы, қоғамның экономикалық құрылымы (Азаматтық құқықты пәндер бойынша терминологиялық сөздік, 2013: 193).

Спорт мәнмәтінінде «дислокация» термині: 1. Командалардың, спортшылардың орналасуы.

Жарыс, оқу-жаттығу жиыны (ОЖЖ) немесе турнир кезінде командалардың қай жерде тұрып жатқаны, қай базаға орналастырылғаны. Мысалы, «Спортшылардың дислокациясы жарыс аумағына сәйкес қайта бөлінді. 2. Жарыс объектілерінің орналасуы. Үйірмелер, аландар, корттар, шеберлік орталықтары және ұйымдастыру нүктелерінің қай жерде орналасқанын білдіреді. Мысалы: «Жарыс кезінде төрешілердің дислокациясы өзгерді». 3. Ұйымдастырудағы жоспарланған орналасу. Оқиға, турнир немесе лагерь барысында әр бөлімнің, қызметкердің немесе топтың функционалды орналастыру жоспары. Мысалы: «Командалардың дислокация картасы жасалды». Сонда дислокация – спортшылардың немесе спорт нысандарының орналасу жоспары.

Спорттағы «иммунитет»: 1. Организмнің ауруларға қарсы тұру қабілеті. Жоғары жүктеме, жиі жарыстар, климаттық өзгерістер спортшының иммунитетін әлсіретуі мүмкін. Мысалы, «*Күшті жаттығулардан кейін иммунитет төмендейді*». 2. Физикалық жүктемеге бейімделу қабілеті. Спортшылардың ағзасы жаттығу көлеміне біртіндеп бейімделеді. Осы бейімделу нәтижесінде иммундық жүйе де төзімді бола түседі. Мысалы, «*Төзімді спортшыларының иммунитеті белгілі деңгейде қалыптасады*». 3. Стресс пен психикалық қысымға қарсы тұру. Спорттағы иммунитет тек биологиялық емес: спортшы психологиялық жүктемелерге де төзімді бола алады. Мысалы, «*Психологиялық иммунитеті жоғары спортшылар жарыс алдында сабырлы болады*». 4. Жаңа ортаға немесе жаттығу режиміне бейімделу қабілеті. Спортшы лагерінде, басқа климатта немесе жаңа дайындық жүйесінде ағза жаңа жағдайға уақыт өте иммунитет арқылы қарсы тұрады. Иммунитет деген – спортшы ағзасының ауруға, шаршауға, стресс пен жүктемеге қарсы қорғаныс күші.

«Иммунитет» сөзі терминологиялық сөздікте былайша берілген: «Иммунитет – организмнің инфекцияға және бөгде заттар әсеріне қарсыласу, қарсы тұру қабілеті, оның өз тұтастығын және биологиялық өзгешелігін қорғау қабілеті. Иммунитетті тері мен кілегей қабықтың қорғаушы қасиеті, иммундық жүйе торшалары (макро- және микрофтар), гуморальды факторлар (антиденелер, комплименттер), интерферон қамтамасыз етеді (Физиология терминдерінің түсіндірме сөздігі, 2004).

Спортта инкубация – белгілі бір әсердің, жаттығудың немесе фактордың спортшы ағзасында нәтижесін көрсетуі үшін қажет уақыт аралығы. Яғни әсер ету жасалады, бірақ оның нақты пайдасы немесе өзгерісі бірден емес, белгілі уақыт өткен соң байқалады – міне, сол уақыт «инкубациялық кезең» деп аталады.

Спорттық физиологияда жаңа жаттығу бағдарламасы енгізілгеннен кейін ағзада бейімделу басталады. Инкубация – бейімделудің алғашқы байқалмайтын кезеңі. Мысалы, «*Жоғары қарқынды жаттығудың әсері 5-7 күндік инкубация кезеңінен кейін байқалды*».

Спорттық психологияда психологиялық жаттығулардың, медитацияның немесе мотивациялық интервенцияның әсері бірден көрінбейді, уақыт керек. Бұл уақыт та инкубация деп аталады. Спорттық зерттеулерде, ғылыми жұмыстарда кез келген әдіс пен интервенцияның әсер етуге дейінгі күту кезеңі инкубациялық уақыт ретінде белгіленеді. Яғни инкубация – спортшыға жасалған әсердің нәтижесі байқалғанға дейінгі жасырын кезең.

«Инкубация» сөзі терминологиялық сөздікте мына тұрғыда берілген: Инкубация – 1) балапандарды инкубаторларда шығару; 2) инкубаторияда өндірілетін жібек құртының куыршақтарын шығару; 3) (мед) организмдегі сырт көзге көрінбей дамитын ауру туғызатын микроорганизмдердің көбеюі мен дамуы; 4) Ежелгі Грекия мен Римде ауру адам сауығып кетсін деген үмітпен құдайға құрбандық шалған малдың терісінде сол адамды храмда түнеп шығуға қалдыру дәстүрі (Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі, 2019).

Терминдердің эврисемантикалануы тек антикалық тілдерге ғана тән емес. Француз тіліндегі «*plomb*» (қорғасын) сөзінен шыққан «пломба» термині де осы топқа жатады. Бұл сөздің семантикалық ауқымы техникалық саладағы «бекіткіш пластина» мағынасынан медицинадағы «тіс қуысын толтыратын емдік тығыз материал» мағынасына дейін созылып жатыр.

Спорт саласындағы «блокада» сөзі – спорттық дайындық немесе жарыс барысында белгілі бір қозғалысқа, әрекетке немесе қарсыластың әрекетіне кедергі жасау, шектеу қою дегенді білдіреді. Бұл термин көбіне командалық спорттарда, жауынгерлік спорттарда және жаттығу

әдістемесінде қолданылады. Бұл сөздің спорттағы негізгі мағыналары: 1. Жеке спортшыға қарсы қолдану. Қарсыластың әрекетін тоқтату немесе шектеу. Мысалы, *Боксшы қарсыластың соққысын блокада арқылы тоқтатты*. 2. Командалық спорттағы блокада. Волейбол, баскетбол сияқты спорт түрлерінде қарсыластың шабуылын тоқтату, блок жасау. Мысалы, *Волейболда шабуылшылардың соққысын блокадамен тосып қалу маңызды*. 3. Жаттығу және тактика. Белгілі бір бұлшық еттерді немесе қозғалыс жүйесін уақытша шектеу арқылы жаттықтыру, яғни «блокада әдісі» ретінде қолданылады. Мысалы, *Жаттығуда төменгі дене бұлшықеттерінің блокадасы арқылы техника жетілдіріледі*. 4. Психологиялық блокада. Спортшының психологиялық немесе эмоционалдық кедергіге қарсы тұру қабілеті кейде блокада деп аталады. Мысалы, *Жарыс алдындағы қобалжу блокадасы жаттығулар арқылы жеңіледі*. Спорттағы блокада – қарсыластың әрекетін тоқтату немесе шектеу, немесе жаттығуда белгілі бір қозғалысты уақытша шектеу әдісі.

Спорт саласындағы «интервенция» сөзі – белгілі бір жаттығу, әдіс, бағдарлама немесе әсер ету түрін спортшының дайындығына әдейі енгізу, яғни арнайы араласу деген мағынада қолданылады. Бұл термин ғылыми зерттеулерде, спорт физиологиясында және спорт психологиясында жиі кездеседі. Интервенция – спортшының нәтижесін, күшін, төзімділігін, техникасын немесе психологиялық жағдайын жақсарту үшін әдейі жасалатын тәжірибелік әрекет, жаттығу немесе әдіс. Мысалы, *«Жылдамдықты арттыру үшін жаңа жаттығу интервенциясы енгізілді», «Психологиялық интервенция спортшылардың жарыс алдындағы қобалжуын азайтты», «Бұл зерттеуде күшті арттыруға арналған 8 апталық интервенция қолданылды»* деп қарапайым түсіндірсек, спорттағы интервенция – спортшыға арнайы әсер ету, арнайы бағдарлама қосу, тәжірибе жүргізу.

Терминологиялық сөздікте интервенция сөзіне мынадай анықтама-мысал берілген: «Интервенция – басып кіру, бір мемлекеттің басқа бір мемлекеттің ішкі істеріне қол сұғуы. БҰҰ интервенцияға қарсы шыға отырып, оған халықаралық құқық бұзушылық тұрғысына қарайды. Әр мемлекеттің саяси тәуелсіздігі мен территориялық дербестігіне қарсы қарулы қауіп төндіру, т.б. араласу халықаралық құқықты және жарғысын бұзу болып табылады. 1965 ж. БҰҰ бір мемлекеттің басқа мемлекеттердің істеріне қол сұқпауы туралы Декларация қабылдады» (Қазақша әскери терминдерінің түсіндірме сөздігі, 1999).

Сөз мағынасының кеңеюі арқылы жасалған спорт терминдеріне *салым, бәйге* және т.б. сөздерін де жатқызуға болады. «Салым» сөзінің мағыналары мынадай: 1. Ұлттық спорт (көкпар) саласында: қарсыластың көмбесіне ұпай салу. Мысалы, *Ол бүгін бес салым салды*. 2. Қаржы, экономика саласында: бір нәрсеге қаржы құю, ақша аудару. Мысалы, *банктегі салым (депозит), зейнетақы салымы*. 3. Қоғамдық салада: Бір іске немесе жобаға қосқан үлес, енгізген нәрсе. Мысалы, *Оның бұл жобаға салымы зор*. 4. Ұтысқа, бәйгеге тігілетін ақша/зат. Жарысқа немесе бәске қосылатын ақша, зат. Мысалы, *Бәрі өз салымын қосты*.

«Бәйге» сөзінің мағыналары: 1. Ат жарысы. Қазақтың дәстүрлі ат жарысы, шапқан аттардың жарысуы. Мысалы, *Оның аты бәйгеден озып келді*. 2. Қоғамдық салада: Жарыс, сайыс (кең мағынада). Қай салада болсын бәсеке, жарыс, сайыс атауы. Мысалы: *өлең бәйгесі, жастар бәйгесі*. 3. Жеңімпазға берілетін сыйлық. Жарыста ұтып алған сыйлық, жүлде. Мысалы, *Бәйгеге жеңіл көлік мінді*.

ҚӘТС-те спорт саласындағы *салым* сөзіне мынадай анықтама-мысалдар берілген: САЛЫМ. 1. з а т. э т н. Екі мәре аралығында тартылатын көкпар тарту ойынының құрамдас бөлігі. Үш бөліктен құралады. Әр *с а л ы м ғ а* ұтыс ретінде мал немесе ақша тігіледі. Бірінші *салымға* 2-ден 10-ға дейін уақ мал (қой), екінші *салымға* қасына бірнеше уақ мал қосқан ірі қара тігіледі (ҚҰЭ). Қасқабұлақ түбінде болған *салымда* Қамарбекті өз көзімен екі рет көрді (С. Бақбергенов, Кентау). Талай ас, талай тойда көкпарды да, *салымды* да, бәйгені де жеңіп алдым (С. Бақбергенов, Қарға там.). *Салым салды*. Көкпар тартты, салымға қатысты. Кейбір жылдары қымызға тойып қыз қуып, атқа шауып, *салым салып* жүргенде бір кісідей-ақ батылдық, батырлығы, азуы бар сияқты еді (А. Сүлейменов, Бесін). – Нәшекең бүйірі қызғанда өлең айтады, жетпіс жасында *салым салады*, – деп қолпаштап өтті (Т. Әлімқұлов, Шежіре.). Мына тұрған Мақаштан көкпарды жұлып алып, Тұқымбайдың көмбесіне *салым салған* (Ш. Мұртазаев, Қызыл

жебе) (ҚӘТС, 2011f: 617).

ҚӘТС-те спорт саласындағы *бәйге* сөзіне мынадай анықтама-мысалдар, сөз тіркестері берілген: БӘЙГЕ зат. 1. э т н. *Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан ат жарыстыратын дәстүрлі ұлттық спорт ойындарының бір түрі, ат шабысы*. Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа *Бәйгеде* ұлы дүбір жарысқаның (М. Дулатов. Шығ.). Иә, бұл *бәйге* аз емес, Ақансерінің Құлагері де бір жарыста бәйгесіне мың сом алған жоқ шығар! (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Еңбекте, өнерде, спортта жеңімпаздарды іріктейтін жарыс, сайыс*. Бірақ аңшылық бәсекесі – өзі *бәйге* (М. Әуезов. Абай). Мәдениет *бәйгесінде* алда келе жатқан жұрттың қатесі кейінгіге сабақ (М. Әуезов. Шығ.). *Аламан бәйге*. э т н. *Қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық ойынының түрі, ат жүз шақырым қашықтыққа дейін шабатын бәйге*. Құнан бәйге, дөнен бәйге, аламан бәйге .. көкпар, қыз қуу сияқты ұлт ойындары өзінше бір төбе. («Қаз. әдеб.»). *Бәйге ат*. Бәйгеге қосатын, жаратқан жүйрік ат. *Бәйге аттың мүсінін сынауда Абай үлкен білімділік, байқағыштық танытады* (М. Әуезов. Әр жыл). Бәйге атындай. *Бәйгеге қосатын, жаратқан жүйрік аттай*. Бір сорды *бәйге атындай* алып келер һәмміміз сертке мехкәм тұрайық деп (М. Дулатов. Шығ.). Бәйге атындай аңқылдады. *Ағыла, тоқтамай сөйледі, мүдірмеді, ақкөңілденді*. Білімділер сөз айтса, *Бәйге атындай аңқылдап* Өзгелер басын изейді, Әрине деп мақұлдап (Абай, Тол. жин.). Бәйге бала. *Бәйге атына мініп шабатын бала*. Мінгізіп *бәйге бала жалтаңдатып, Аулына ас бергеннің тақау келді* (І. Жансүгіров. Өлең.). Бәйгеге қосты (салды). *Атты жарысқа жіберді. Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай* (Абай, Тол. жин.). *Бәйге жарияланды*. п у б л. Белгілі бір іс-шара, бастамаға ерекше жобаларды, сондай-ақ көркем әдеби, публицистикалық туындылардың жоғары деңгейлісін іріктеу және марапаттау үшін жалпы көпшілікті құлақтандырып, басылым беттеріне байқау жариялады. Астанаға қоныс аударып, жаңа қаланың нобай-нұсқасын кім жасайды деп *бәйге* жарияланған 98-жылдың қақаған қысында күншығыс елінен келген сәулетші Кисе Курокавасанның сөзі құлағында қалыпты («Егемен Қазақстан»). *Бәйгенің алдын бермеді*. а) *Қуса жетіп, қашса құтылатын жүйрік болды, жарыста озып шықты*. Ас пен тойда *бәйгенің алдын бермей жүрген* бір торы атты апақ-сапақта мінеді де тартып береді (Қаз. ертег.). ә) *Үнемі жүлдегер болды, алдына жан салмады*. Шоңбайдың қатар жатқан көп елге *бәйгенің алдын бермей* қойғанына екі-үш жыл (Т. Әлімқұлов. Ақбоз ат.). *Бәйге төбе*. *Ат жарысында бәйге қосатын дөңес жер, төбе*. Тек әрбір өмір, әрбір талаптың өзінің жететін бір *бәйге төбесі*, қарақшысы болады ғой. Жаяу бәйге. *Жаяу адамдардың жарысы*. Енді жаяу *бәйгеден* озып келгенге беремін дейді (Қаз. ертег.). *Жорға бәйге*. *Жорға аттардың жарысы*. Тоқ бәйге, *жорға бәйге*, құнан бәйге Біреу озып, біреулер қалып жатыр (Н.Ахметбеков). *Құнан бәйге*. *Үш жасар жылқы жарысы*. Медетбай қыз ұзатқан отау жауып, *Құнан бәйге* алады оза шауып (XX ғ. қаз. ақын.) (ҚӘТС, 2011g: 158-159).

Спорт терминдері мен басқа да салалардағы сөздердің кеңмағыналылығына салалық аударма сөздіктерден мынадай мысалдар келтіруге болады: блокада (қоршау). спорт. (30-т., 351-б.), блокада. мед. (14-т., 293-б.), блокада. әск. (11-т., 309-б.); корпус (тұрық). спорт. (30-т., 319-б.), корпус. сәулет. (9-т., 100-б., 321-б.); иммунитет. спорт. (30-т., 99-б.), иммунитет. саяси. (22-т., 105-б.), иммунитет. мед. (14-т., 367-б.); бәйге. спорт. (30-т., 45-б.). бәйге. ауыл.ш. (15-т., 46-б.).

Сонымен қатар 30 томдық терминологиялық сөздікке сүйенсек, кеңмағыналылыққа мынадай мысалдар келтіріледі: дислокация – әскери салада (11-т., 350-б.), медицинада (14-т., 350-б.); аппарат – әскери (11-т., 30-б.), медицинада (14-т., 383-б.); индекс – әскери (11-т., 123-б.), іс жүргізу саласында (28-т., 101-б., 324-б.); корпус – әскери (11-т., 137-б.), сәулет саласында (9-т., 100-б., 321-б.); базис – медицинада (негіз) (14-т., 289-б.), сәулетте (9-т., 35-б.), экономикада (27-т., 44-б.); цемент – сәулетте (9-т., 112-б.), медицинада (тіс цементі) (14-т., 237-б.); плomba – іс жүргізуде (28-т., 186-б., 408-б.), медицинада (14-т., 186-б.); фокус – өнерде (сиқыр) (25-т., 517-б.), медицинада (ауру ошағы, фокус) (14-т., 213-б.); формула – медицинада (12-т., 270-б.), математикада (2-т., 206-б.); құн – экономикада (27-т., 154-б.), тарихта (23-т., 134-б.); баға – экономикада (27-т., 41-б.), экономикада (24-т., 34-б.).

Моносемиялық құрылымдағы терминдердің мағынасы кеңейіп, абстрактілі сипатқа ие болуы эврисемантикалану процесін сипаттайды. Мұндай терминдердің семантикасындағы

жоғары деңгейдегі жалпылау олардың әмбебап қолданылуына жол ашады. Сонымен қатар олардың әлеуметтік-салалық ерекшеліктерін зерттеу үшін терең кәсіби тәжірибе мен арнайы білімнің болуы маңызды.

Эврисемант терминдер – бір ғана жалпыланған мағынадан туындайтын, мәнмәтінге тәуелді бірнеше денотативтік қолданысқа ие болатын тілдік бірліктер. Олар көп жағдайда абстрактілі, шекті жалпыланған семантикалық құрылымға ие болады және сөйлеу барысында әртүрлі сала мен жағдаятқа бейімделе алады. Бұл – оларды полисемиялық сөздерден негізгі түрде ерекшелендіретін басты белгісі.

Полисемиялық және эврисемиялық терминдер арасындағы айырмашылықты былайша түйіндеуге болады:

1. Семантикалық құрылым тұрғысынан

Полисемиялық (көп мағыналы) сөздер – бір-бірімен тарихи, семантикалық тұрғыдан байланысты бірнеше тұрақты мағынаға ие. Әр мағынасы лексикалық жүйеде бекітілген және дербес мағына ретінде танылып, сөздікке жеке-жеке тіркеледі. Мысалы: «қанат» – құстың мүшесі, ұшақ бөлігі, үйдің бөлігі, алаң қанаты (*оң қанаты*), т.б.

Кең мағыналы сөздер – бір ғана шекті жалпыланған мағынаға ие, бірақ осы жалпыламаның аясында көптеген түрлі денотаттармен қолданыла алады. Бұл мағына нақты мәнмәтінде ғана нақтыланып, мазмұнға толығады. Мысалы: «thing» (ағылш.) немесе «зат» – мағынасы мәнмәтінге толықтай тәуелді, зат атауы ретінде шексіз қолдану мүмкіндігі бар.

2. Мәнмәтінмен байланысы

Полисемия – мағыналардың нақты және тарихи қалыптасқан жүйесін көрсетеді. Мәнмәтін олардың қайсысын таңдайтынын анықтайды.

Эврисемия – бір ғана абстрактілі мағына мәнмәтінге нақты денотатпен байланыстырылады. Мәнмәтін мағынаны анықтап қана қоймай, мағынамен қамтамасыз етеді.

3. Сөздікке ену сипаттары

Полисемиялық сөздердің әр мағынасы сөздікке жеке-жеке мағына ретінде тіркеледі.

Эврисемиялық сөздерде мағына жиі бір ғана сөздік дефинициямен беріледі, ал түрлі қолданыстары мәтін үлгілері арқылы көрсетіледі.

4. Тілдік қолданыс аясында

Полисемиялық сөздер көркем әдебиетте, ауызекі сөйлеуде кеңінен қолданылады, бейнелі мағына тудырады.

Эврисемиялық сөздер көбіне ғылыми, техникалық, әкімшілік, заңдық т.б. терминологияда қолданылады және салалық спецификаға қарай нақты мағына алады.

Кесте 1 – Спорт терминдері

Таблица 1 – Спортивные термины

Table 1 – Sports Terms

Термин	Эврисемиялық қолданыс	Полисемиялық балама
Дебют	Шахматта – алғашқы жүрістер кезеңі; футболда – ойыншының алғашқы матчы.	Өнерде – актердің немесе спортшының алғашқы көрінісі.
Капитан	Футболда – команда басшысы; хоккейде – ойыншыларды ұйымдастырушы.	Өнерде – «капитан» – шығармашылық топтың рухани әрі ұйымдастырушылық көшбасшысы.
Арена	Спортта – жарыс өтетін орын; циркте – өнер көрсететін алаң	Әлеуметтік салада – күрес, тартыс алаңы (мысалы, «саяси арена»).
Серия	Бокс немесе футболда – бірнеше кездесу тізбегі; бейсболда – ойындар топтамасы.	Киноөнерде – бір-бірімен байланысқан фильмдер жиынтығы.

Рекорд	Спортта – ең жоғары нәтиже; жеңіл атлетикада – үздік көрсеткіш.	Музыкада – жазылған дыбыс таспасы (ағылш. <i>record</i>).
--------	---	--

Эврисемия құбылысының негізгі ерекшелігі – семантикалық тұрғыдан бір мағынада жалпыланған, бірақ әртүрлі мәнмәтінде әртүрлі нақты денотаттарды белгілей алатын лексемалар. Олар кең мағынаға ие, біртұтас семантикалық құрылымды сақтайды және сөйлеу жағдаятында әртүрлі нақты мағыналармен нақтыланады.

1. Полисемия дегеніміз – бір сөздің өзара байланысты бірнеше мағынаға ие болуы. Бұл мағыналар:

- тарихи түрде бірінен бірі туындайды;
- тіл жүйесінде сақталады;
- мәнмәтінде қай мағына қолданылғаны нақтыланады;
- семантикалық тұрғыдан жіктеледі.

Мысалы: *алаң қанаты (оң қанат), «қанат» – құс қанаты, ұшақ қанаты, керегенің қанаты және т.б.*

2. Эврисемия – семантикалық тұрғыдан жалғыз, бірақ абстрактілі, жалпыланған мағынасы бар сөздің түрлі жағдаятта әртүрлі нақты денотаттармен байланысты нақтыланып қолданылуы:

- сөздің бір ғана мағынасы бар, бірақ ол мәнмәтінде нақтыланады;
- мәнмәтін бұл сөздің мазмұнын өзгерпейді, тек айқындайды;
- мұндай сөздердің семантикалық көлемі өте кең, сондықтан олар түрлі салаларда әртүрлі мағынада көрінуі мүмкін;
- бұл құбылыс жалпы ғылыми немесе жалпы техникалық терминдерде жиі кездеседі.

Мысалы: *«аспирация» – медицинада сұйықтықты сору, техникада шаңды сору жүйесі.*

Кесте 2 – Полисемия және эврисемия құбылыстарын салыстыру

Таблица 2 – Сравнение явлений полисемии и эврисемии

Table 2 – Comparison of the Phenomena of Polysemy and Eurysemy

Ерекшелік түрі	Полисемия	Эврисемия
Мағына саны	Бірнеше (2+) нақты мағына	Бір ғана жалпыланған мағына
Мағына сипаты	Өзара байланысты мағыналар	Абстрактілі, жалпылама мағына
Мағына нақтылануы	Мәнмәтінде қайсысы өзекті болатыны анықталады.	Мәнмәтінде мағына нақтыланады, бірақ өзгермейді.
Қолдану саласы	Жалпы лексикада кең тараған.	Ғылыми-техникалық, кәсіби терминологияда жиі кездеседі.
Мысал	«Серия» – спортта бірнеше ойын тізбегі, кино саласында фильмдер топтамасы.	«Арена» – спортта, циркте, саясатта т.б. әртүрлі салаларда «іс-қимыл орны» мағынасында жалпылама қолданылады.

Спорт терминологиясындағы көпмағыналылық пен кеңмағыналылық құбылыстары тілдің мағыналық дамуы мен қолдану аясының кеңеюін көрсетеді. Полисемия спорт лексикасында бір сөздің бірнеше нақты мағынада қолданылуынан байқалады. Мысалы, «серия» термині спортта бірнеше ойын тізбегін білдірсе, кино саласында фильмдер топтамасы мағынасында қолданылады. Бұл мағыналар өзара байланысты және мәнмәтін арқылы нақтыланады. Ал эврисемия құбылысы бір жалпыланған мағынаның түрлі салаларда сақталып қолданылуымен сипатталады. Мәселен, «арена» сөзі спортта да, циркте де, саясатта да «іс-қимыл өтетін орын» деген ортақ мағынасын жоғалтпайды.

Эврисемия – аз зерттелгенімен, күрделі әрі өзекті құбылыс. Оның полисемиямен шекарасы нақты сызылып бітпеген, сондықтан мәселе тереңірек қарастыруды қажет етеді. Эврисемиялық терминдер кәсіби не салалық лексикада мағыналық бұлыңғырлық тудыруы мүмкін, бұл аудармада да, лексикографияда да, тіл үйренуде де қиындық әкеледі.

Қорытынды

Көпмағыналылық пен кеңмағыналылық – тілдің дамуына, икемділігіне және үнемділігіне қызмет ететін семантикалық құбылыстар. Бірақ полисемия мағыналардың көптігіне, ал эврисемия мағынаның кеңдігіне сүйенеді. Айырмашылық, негізінен, сан мен сапаның айырмасынан көрінеді: полисемия – бірнеше нақты мағына, эврисемия – бір абстрактілі, бірақ қолданылу аясы кең мағына.

Полисемия екіге бөлінеді: грамматикалық және лексикалық. Сөздің полисемиялық сипаты көбіне оның нақты мәнмәтінде, белгілі бір жағдайда және әңгіменің жалпы тақырыбына сай басқа сөздермен бірге қолданылуына қарай анықталады. Мағыналар жүйесінде тура мағына мәнмәтінге мұқтаж емес, ол атаудың тікелей баламасы болып есептеледі. Ортақ мағыналық ұйытқы (сема) арқылы байланысқан мағыналар тілдің дамуымен қалыптасады. Тарихи тұрғыдан сөздер әуелі шектеулі мағынада қолданылып, кейін сол негізде ауыспалы және қосалқы мағыналарға ие болады.

Эврисемияны көпмағыналылыққа қарағанда, әртүрлі денотаттарды атау мақсатында сөз семантикасының ұлғаюы деп түсіндіруге болады. Полисеманттарға қарағанда, эврисеманттар құрылымдық жағынан тұтас: мағыналық бөлшектер сөздің ішкі құрылымына кірмейді, тек сөйлеу үстінде нақтыланып, ортақ жалпыланған ұғыммен байланысады. Бұл ретте аталатын ұғымдар сөздің фонетикалық формасымен ғана шендеседі.

Эврисемант және полисемант лексемалардың семантикалық «ашықтығы» олардың полиденотативті табиғатымен байланысты; осы қасиет сөйлеу барысында жаңа мағыналық нұсқалардың жасалуына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии. – Ленинград: Издательство Ленинградского университета, 1963. – 208 с.
- Вендина Т.И. Введение в языкознание: Учеб. пособие для педагогических вузов. – Москва: Высш. шк., 2001. – 288 с.
- Евдокимова Е.А. Местоимение it как широкозначное слово // Ярославский педагогический вестник. – №2(59), 2009. – С. 176-178.
- Елисеева В.В. Лексикология английского языка. Учебное пособие. – Санкт-Петербург: Изд. Фил. фак. СПбГУ, 2005. – 80 с.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011а. – 744 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011б. – 752 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст.: Б.Момынова, Б.Сүйеркұлова, А. Фазылжанова және т.б. – Алматы, 2011с. – 752 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст. А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011d. – 752 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011e. – 800 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том / Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. – Алматы, 2011f. – 752 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст.: Б. Сүйеркұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011g. – 744 б.
- Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. IV том. / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 719 б.
- Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.
- Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік / жалпы ред. басқ. М.Б. Қасымбеков, жобаның ғыл. жетекшісі А.Қ. Құсайынов. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясы, 2014. – 464 б.
- Құлманов С.Қ., Рсалиева Н.М., Омарова А.Д., Ескендір Ж.Е. Қазіргі қазақ терминологиясындағы семантикалық үдерістер // Tiltanyum. 2023;(3):85-94. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-85-94>

- Литвин Ф.А. Многозначность слова в языке и речи: учеб. пособие для студ. пед. ин-тов по спец. №2103. «Иностранный язык». – 2-е изд. – Москва: КомКнига, 2005. – 118 с.
- Малютин Е.И. Широкозначность против полисемии на уровне языка и речи (на материале глаголов современного английского языка) // Известия Российского государственного педагогического университета имени А. И. Герцена. – №37, 2007. – С. 123-128.
- Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Лингвистика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 1028 б.
- Плотникова А.М. Когнитивное моделирование семантики глагола (на материале глаголов социальных действий и отношений): автореф. ... канд. филол. наук. – Екатеринбург, 2009. – 210 с.
- Федосова О.В. Глаголы широкого значения в испанском обиходном дискурсе // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – №1, 2010. – С. 218-221.
- Федюк П.С. Специфика определения критериев широкозначности лексических единиц // Филология. 2009. – С. 200-204.
- Язык. Человек. Общество: междунар. сб. науч. трудов (К 60-летию проф. В.Т. Малигина) / М-во образования и науки РФ, Федер. агентство по образованию, Рос. гос. пед. ун-т им. А.И. Герцена, Владим. гос. пед. ун-т. – СПб.: Владимир, 2005. – 514 с.
- Temmerman, R. Towards New Ways of Terminology Description: The Sociocognitive Approach. Amsterdam; Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 2000. 258 p.

References

- Amosova, N.N. (1963) Osnovy anglijskoj frazeologii: izdatel'stvo Leningradskogo universiteta, 208 s. [Amosova, N.N. (1963) Fundamentals of English Phraseology. Leningrad University Press, 208 p.] (in Russian)
- Eliseeva, V.V. (2005) Leksikologija anglijskogo jazyka. Uchebnoe posobie, izd: Fil. fak. SPbGU, 80 s. [Yelisseyeva, V.V. (2005) Lexicology of the English Language: A Study Guide. St. Petersburg: Faculty of Philology, St. Petersburg State University, 80 p.] (in Russian)
- Evdokimova, E.A. (2009) Mestoimenie "it" kak shirokoznachnoe slovo. Jaroslavskij pedagogicheskij vestnik. №2(59), S. 176-178. [Evdokimova, E. A. (2009) The pronoun it as a broad-meaning word. Yaroslavl Pedagogical Bulletin. No. 2(59). Pp. 176–178.] (in Russian)
- Fedjuk, P.S. (2009) Specifika opredelenija kriteriev shirokoznachnosti leksicheskix edinic. Filologija, S. 200-204. [Fedyuk, P.S. (2009) The specificity of defining criteria for the broad meaning of lexical units. Philology. Pp. 200–204.] (in Russian)
- Fedosova, O.V. (2010) Glagoly shirokogo znachenija v ispanskome obihodnom diskurse. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki, №1, S. 218-221. [Fedosova, O.V. (2010) Broad-meaning verbs in Spanish everyday discourse. Philological Sciences. Issues of Theory and Practice. No.1. Pp. 218–221.] (in Russian)
- Язык. Человек. Обществ.: междунар. сб. науч. трудов (К 60-летию проф. В.Т. Малигина) (2005) / М-во образования и науки РФ, Федер. агентство по образованию, Рос. гос. пед. ун-т им. А.И. Герцена, Владим. гос. пед. ун-т. СПб.: Владимир, 514 с. [Language. Human. Society: International Collection of Scientific Papers (Dedicated to the 60th Anniversary of Prof. V. T. Malygin) (2005) Ministry of Education and Science of the Russian Federation; Federal Agency for Education; A. I. Herzen Russian State Pedagogical University; Vladimir State Pedagogical University. St. Petersburg; Vladimir, 514 p.] (in Russian)
- Litvin, F.A. (2005) Mnogoznachnost' slova v jazyke i rechi: ucheb. posobie dlja stud. ped. in-tov po spec. №2103. «Inostrannyj jazyk». 2-e izd., ster. Moskva: KomKniga, 118 s. [Litvin, F.A. (2005) Polysemy of the Word in Language and Speech: A Textbook for Students of Pedagogical Institutes (Specialty No. 2103 "Foreign Language"). 2nd ed., stereotyped. Moscow: KomKniga, 118 p.] (in Russian)
- Малютин, Е.И. (2007) Широкозначность против полисемии на уровне языка и речи (на материале глаголов современного английского языка). Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. № 37. С. 123-128. [Malyutina, E.I. (2007) Broad meaning vs. polysemy at the level of language and speech (based on the verbs of modern English): Proceedings of the A. I. Herzen Russian State Pedagogical University. No.37. Pp. 123-128.] (in Russian)
- Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Лингвистика (2007). Жалпы редакциясын басқарған ж.ғ.д., профессор Е. Арын. Павлодар: «ЕКО» ҒӨФ. [Russian–Kazakh Explanatory Dictionary: Linguistics (2007) General ed. by E. Aryn. Pavlodar: "EKO" Scientific and Production Firm.] (in Kazakh)
- Plotnikova, A.M. (2009) Kognitivnoe modelirovanie semantiki glagola (na materiale glagolov social'nyh deystvij i otnoshenij): avtoref. ... kand. filol. nauk. Ekaterinburg, 210 s. [Plotnikova, A.M. (2009) Cognitive Modeling of Verb Semantics (Based on Verbs of Social Actions and Relations): Abstract of Candidate of Philological Sciences Dissertation. Yekaterinburg, 210 p.] (in Russian)
- Qazaq adebi tilining sozdigi (2011a). On bes tomdyq. 2-tom. Qurast.: G.Qaliev, S.Bizakov, O. Naqysbekov zhane t.b. Almaty, 744 b. [Dictionary of the Kazakh literary language (2011a). Fifteen volumes. Volume 2. Comp.: G. Kaliyev, S. Bizakov, O. Nakysbekov and others. Almaty, 744 p.] (in Kazakh)
- Qazaq adebi tilining sozdigi (2011b). On bes tomdyq. 4-tom. Qurast.: Ashimbaeva, Q.Rysbergenova, Zh.Mankeeva zhane t.b. Almaty, 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language (2011b). Fifteen volumes. Volume 4. Comp.: N. Ashimbayeva, K. Rysbergenova, Zh. Mankeyeva and others. Almaty, 752 p.] (in Kazakh)

- Qazaq adebi tilining sozdigi (2011c). On bes tomдық. 7-tom. Qurast.: B.Momynova, B.Sujerqulova, A.Fazylzhanova zhane t.b. Almaty, 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language (2011c). Fifteen volumes. Volume 7. / Comp.: B. Momynova, B. Suyerkulova, A. Fazylzhanova and others. Almaty, 752 p.] (in Kazakh)
- Qazaq adebi tilining sozdigi (2011d). On bes tomдық. 13-tom. Qurast. A. Fazylzhanova, N. Ongarbaeva, Q.Gabithanuly zhane t.b. Almaty, 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language (2011d). Fifteen volumes. Volume 13. Comp. A. Fazylzhanova, N. Ongarbayeva, K. Gabitkhanuly and others. Almaty, 752 p.] (in Kazakh)
- Qazaq adebi tilining sozdigi (2011e). On bes tomдық. 14-tom. Qurast.: M.Malmaqov, Q.Esenova, B.Hinajat zhane t.b. Almaty, 800 b. [Dictionary of the Kazakh literary language (2011e). Fifteen volumes. Volume 14. Comp.: M. Malmakov, K. Yessenova, B. Hinayat and others. Almaty, 800 p.] (in Kazakh)
- Qazaq adebi tilining sozdigi (2011f). On bes tomдық. 12-tom. Qurast. A.Uderbaev, O.Naqysbekov, Zh.Qongyratbaeva zhane t.b. Almaty, 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language (2011f). Fifteen volumes. Volume 12. Comp. A. Uderbayev, O. Nakysbekov, Zh.Konyratbayeva, etc. – Almaty, 752 p.] (in Kazakh)
- Qazaq adebi tilining sozdigi (2011g). On bes tomдық. 3-tom. Qurast.: B. Sujerqulova, T.Zhanuzaq, O.Zhubaeva zhane t.b. Almaty, 744 b. [Dictionary of the Kazakh literary language (2011g). Fifteen volumes. Volume 3. Almaty, 744 p.] (in Kazakh)
- Qazaq tili. Jenciklopedija (1998). Almaty: Qazaqstan Respublikasy Bilim, madeniet zhane densaulyq saqtay ministrigi, Qazaqstan damu instituty, 509 b. [Kazakh Language: Encyclopedia (1998). Almaty: Ministry of Education, Culture and Health of the Republic of Kazakhstan; Kazakhstan Development Institute, 509 p.] (in Kazakh)
- Qazaqsha-oryssha, oryssha-qazaqsha terminologijalyq sozdik (2014). Zhalpy red. basq. M.B. Qasymbekov, zhubanyng gyl. zhetekshisi A.Q. Qusajynov. Almaty: “QAZAQPAPAT” baspa korporacijasy, 464 b. [Kazakh–Russian, Russian–Kazakh Terminological Dictionary (2014). General ed. by M.B. Kassymbekov; scientific supervisor of the project A.K. Kussayinov. Almaty: “Kazinform” Publishing Corporation, 464 p.] (in Kazakh)
- Qazaqstan: Ulttyq enciklopedija. IV tom. (1998). Bas redaktor A. Nysanbaev. Almaty: “Qazaq jenciklopedijasy” Bas redakciyası [Kazakhstan: National Encyclopedia. Vol. IV. (1998). Edited by A. Nysanbayev. Almaty: Main Editorial Office of the “Kazakh Encyclopedia”.] (in Kazakh)
- Qulmanov, S.Q., Rsaliyeva, N.M., Omarova, A.D., Eskendir, Zh.E. Qazirgi qazaq terminologiasyndagy semantikalıyq uderister. Tiltany. 2023;(3):85-94. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-85-94> [Kulmanov, S.Q., Rsaliyeva, N.M., Omarova, A.D., Yeskendir, Zh.E. (2023) Semantic processes in modern Kazakh terminology. Tiltany, (3), 85–94. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-85-94>] (in Kazakh)
- Temmerman, R. (2000) Towards New Ways of Terminology Description: The Sociocognitive Approach. Amsterdam; Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 258 p. (in English)
- Vendina, T.I. (2001) Vvedenie v jazykoznanie: Ucheb. posobie dlja pedagogicheskix vuzov. Moskva: Vyssh. Shk, 288 s. [Vendina, T.I. (2001) Introduction to Linguistics: A Textbook for Pedagogical Universities. Moscow: Vysshaya Shkola, 288 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 12.05.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 16.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.